

**СӨЖ №3 тақырып:** Қазақ этнолингвистикасының ғылыми зерттеу әдістері, жүйелілік принципі

**Сабақтың мақсаты:** Студенттерге этнолингвистиканың ғылыми зерттеу әдістерін түсіндіру

**Негізгі сұрақтар:**

1. Қазақ этнолингвистикасының ғылыми зерттеу әдістері мен зерттеушілер еңбектеріне тоқталу.
2. Этнолингвистикалық этюдтер М.Әуезов «Абай жолы» романы бойынша.
3. М.М.Копыленко этнолингвистика туралы еңбектерін қарастыру.

**Тапсырма:** Этнолингвистиканың ғылыми зерттеу әдістеріне шағын конспект жасау.

**Мақал-мәтелдер** – этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталған тілдік бірліктер.

**Жұмбақтар** – бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой потенциясын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс.

**Ауыз әдебиеті үлгілері** – жанры мен тақырыбы, құрамы мен құрылымы, мазмұны мен мағынасы әр алуан болып келетін, халық жадында сақталып, рухани мұра болып, ұласып, ауысып келе жатқан әдебиет үлгілері.

**Шежіре** – белгілі бір халық пен ұлыстың, ру-тайпаның шығу тегі мен таралу өрісін, әрбір буын өкілінің түп-тұқиянынан тартып, ата-бабаларының өсіп-өнуі жолын саралайтын жаднама, жалпы ел-жұрттың бастан кешірген тарихы мен әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ауызша да, жазба түрінде де паш ететін жәдігер.

**Ру** - этнос, халық тарихының сырын ашуға қажет категория, қазақ арасындағы он үш атаға дейінгі қауымдастықты атау салты.

**Тайпа** - этнос, халық тарихының сырын ашуға қажет категория, бірнеше рудың қандастықпен, я бір мүддемен бірігуі.

**Топоним** – жер-су, өзен-көл, тау атаулары.

**Этноним** – ру-тайпа атаулары.

**Фитоним** – өсімдік атаулары.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 6 апта